

Бесқарағай аудандық әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 08 ақпандағы № 48 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 – бабы 8 - тармағына, "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 8 – бабы 3 – тармағына сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бесқарағай аудандық әкімдігінің төмендегі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет, ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 542 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 29 қаңтарда № 3186 нөмірімен тіркелген);

2) "Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 542 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2014 жылғы 31 наурыздағы № 111 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 4 мамырда № 3284 нөмірімен тіркелген).

2. Қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бесқарағай ауданының әкімі

Н.Токсентов